**Адамдар өздерінің таңдап алған болашақ мамандықтарына әртүрлі жолдар арқылы келеді. Біреулер үшін ойға алған арманның орындалуы, келесі бірулер үшін жаңалыққа, дербестікке деген талпыныс, енді біреулер үшін әйтеуір бір мамандық алу керек. Менің ойымша, адам өзінің қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында екі нәрседен қателеспеуі керек. Бірі – өзіне адал болатын жар таңдаудан, екіншісі – мамандық таңдаудан.**

*Сен де бір кірпіш дүниеге, к*



# ТАҢДАУ ӘЛЕУМЕТТІК МАМАНДЫҚ

Мамандық таңдау өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ол үшін ең алдымен өзімізді, өзіміздің бейімділігімізді тануымыз қажет.

Жалпы алғанда, өмірде мамандықтың түрлері өте көп. Тек таңдай білу қажет. Болашақта үлкен мамандық иесі болу, өз ісіміздің нағыз шебері болып елге, жерге қызмет қылу әрбіреуіміздің арманымыз. Әрине, кез келген мамандықтың өзіндік қиыншылықтары бар. Бірақ, сол қиыншылықты жеңе білуіміз керек. Сонда ғана өз ісіміздің нағыз шебері бола аламыз.

Мен өмірдегі өз орным мен мәртебеме әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының «әлеуметтік жұмыс» мамандығы арқылы қол жеткізуді жөн көрдім. Яғни, таңдаған мамандығым «Әлеуметтік жұмыс», осы салада қызмет етіп елімнің дамуына кішкентай болса да өз үлесімді қосқым келеді. Енді әлеуметтік қызметкердің қандай маман иесі бола алатындығына тоқталып өтсем:

1. Әлеуметтік қорғаудың республикалық, облыстық органдарының аппараты: әлеуметтік қорғау органдарының басшылары және олардың орынбасарлары; бөлімдердің басшылары; әр түрлі бөлімдердің мамандары.

2. Зейнетақы және жәрдемақы бөлетін орталықтардың аппараттары: орталық басшылары мен олардың орынбасарлары; бөлімдер басшылары мен мамандары.

3. Әлеуметтік қорғаудың аудандық және қалалық органдарының аппараты: әлеуметтік қорғаудың аудандық және қалалық органдарының басшылары мен орынбасарлары және бөлім мамандары мен басшылары.

4. Әлеуметтік қызмет көрсетудің стационарлық мекемелері: басшылары – директор және оның орынбасары; мамандар – дәрігерлер, психологтар, медбикелер, фельдшерлер, есепшілер, еңбек инструкторлары, тәрбиелеушілер, мұғалімдер.

5. Дәрігер – еңбектің эксперттік комиссиялар: басты эксперттер; дәрігер эксперттер: психологтар; реабилитациялау мамандары; программистер.

6. Әлеуметтік көмек қызметтері, соның ішінде: әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары – орталық басшысы мен орынбасары, бас есепші, инспектор, әлеуметтік жұмыс маманы.

7. Күндізгі әлеуметтік көмек бөлімі – бөлім басшысы, медбике, мәдени ұйымдастырушы, еңбек терапиясы бойынша инспектор.

8. Жедел әлеуметтік көмек қызметі – қызмет басшысы, психолог, заңгер, әлеуметтік жұмыс маманы, әлеуметтік жұмыскерлер.

9. Үйге әлеуметтік көмек көрсету бөлімдері – бөлім басшысы мен әлеуметтік жұмыскерлер.

Өмірде отбасы мен достарыңыздың ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады деген қағидамен келіспеймін. Әрине, отбасыңыздан және достарыңыздан ақыл кеңес сұрау керек, бірақ шешімді сіз өзіңіз қабылдағаныңыз дұрыс. Жүрегіңіз қай мамандықты қалап тұр соған барыңыз. Мысалы: сіз отбасыңыздың не болмаса достарыңыздың сізге ұсынған мамандығын таңдадыңыз делік. Бірақ сізге басқа бір саладағы мамандық ұнайды. Сол кезде сіздің келесі іс-әрекетіңіз қандай болады? Сіз жақындарыңыздың көңілін қимағандықтан ғана бұл қадамға барып тұрсыз. Егер де сіз бұл жерде жоқ маған бұл мамандық ұнамайды маған басқа саладағы мамандық ұнайды деп өз ойыңызды ашық түрде білдірсеңіз жақындарыңыз сізді түсінеді деп ойлаймын.

Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасы «әлеуметтану» және «әлеуметтік жұмыс» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистрлік PhD докторантура бағыттары бойынша кең шеңберде қоғамның әлеуметтік мәселелерінің қазіргі әдістері мен зерттеу технологиялары; қазіргі тұлға теориялары; әлеуметтік-саяси бағдарламаларды модельдеу және жоспарлау, болжау, стратегиялық талдау; әлеуметтік менеджмент, медико-әлеуметтік жұмыс мәселелері бойынша терең білім беруде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, философия және саясаттану факультеті, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында «әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша білім алу барысында, профессорлық-оқытушы құрамы бізді тек білім нәрімен сусындандырып қана қоймай, ақыл-кеңестерін беру арқылы қолдап отырды. Осы мамандықта оқу барысында тұлғалық құндылықтарымыздың, әлеуметтік іс-әрекеттеріміз бен мінез-құлқымыздың дамып, нығайғандығына кәміл сенім білдіремін. Әрине, оған біріншіден, профессорлық-оқытушылардың, екіншіден «әлеуметтік жұмыс» мамандығының өзіндік ерекшелігі, ал үшіншіден өзіміздің ұмтылысымыз ықпал етті деп ойлаймын.

Қорыта келе, барлық мектеп бітіруші түлектерге болашаққа беделді мамандықпен, дұрыс таңдаумен, ішкі жан дүниеңіздің үніне үңіле отырып, «әлеуметтік жұмыс» мамандығымен жол бастауға

**И.С.САРЫБАЕВА,**
**соц.ғ.к., аға оқытушы.**

**Г.ҮСІПХАНОВА,**
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ФжСФ, Әлеуметтану**